

«Жас Дарын-3» бастауыш мектебінің жиналысының кезекті хаттамасы

№ 17

2024-2025 оқу жылына

22.01.2025ж

Қатысқандар:

1. Жас Дарын -3 бастауыш мектебінің директоры Ә.А.Рахымбаева
2. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары. Г.Т.Бекетаева
3. Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары М.У.Жумабаев.
4. Жас Дарын-3 бастауыш мектебінің ұстаздары.

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі хиджаб кию мәселесі.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бірыңғай мектеп формасына қойылатын талаптары туралы
3. Кезекті мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары М.У.Жумабаев. сөз алып, өз сөзін былай түйіндеді. Мектепте хиджаб кию - қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Күрмеуі қиын мәселе төңірегінде түрлі пікірлер де айтылып жатыр. Бірі ислам дінін берік ұстанатын қыз балалар үшін бұл міндетті деп таныса, бірі қазақ халқына жат киім екенін алға тартады. Заман өзгерген сайын араб мәдениеті мен ислам дінінің ара жігін дұрыс ажыратпай, хиджабқа оранған бойжеткендер мен сақал өсіріп, балағын шолтитып шалбар киген жігіттер күн санап артып келеді деді.

Алайда, ислам – күллі адамзатқа ортақ дін. Ал хиджаб пен паранжа араб ұлтына, оның климаттық жағдайларына сай жасалған киім үлгісі. Қазақ қыздарының ешқашан да оранып-шымқанып жүрмегені белгілі. Өйткені қазақтың бойжеткендері ерекше жағдайлар болмаса, орамал тартпаған. Орамал тұрмыстағы келіншектердің белгісі. Мемлекеттік қызметкерлер мен оқу орындарында хиджаб киюге тыйым салу мәселені ушықтыра түсті. Өйткені мектепте хиджаб киіп жүру туралы дау елдің әр өңірінде көрініс тауып отырғаны анық. Кей жерлерде, тіпті, ата-аналар басына орамал тағып келген баласын мектеп директоры сабаққа кіргізбей қойғанында айтқан. Алайда, ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер білім беру мекемесінің Жарғысымен белгіленген міндетті мектеп формасына қойылатын талапты орындауға сондай-ақ, білім алушылар мектеп формасын сақтауға міндетті. Министрлік бекіткен талаптың 19-тармағына сәйкес мектеп формасының түсін, үлгісін таңдау және юбканың ұзындығы орта білім беру

ұйымдары және қоғамдық кеңеспен айқындалып жалпы мектептің ата-аналар хаттамасымен бекітіледі деді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектеп формасына қойылатын талаптары қоғамдық пікірге қозғау салды. Соңғы бірнеше жылдың ішінде жаңа оқу жылының басталуымен орта білім беру ұйымы оқушылардың діни атрибутикаларын (хиджаб және т.б.) киіп жүру мәселесімен бетпе-бет келуде. Бірыңғай мектеп формасын сақтау туралы ұсыныстардың бұрында болғандығын атап өткен жөн.

Республика мектептерінің Жарғысында белгілі бір діннің талабы бойынша киім киюге жол бермеу туралы жазылған. Ереже бойынша мұндай талаптар барлық мектепте сақталуы тиіс. Осы мәселелерге қатысты оқушылар және олардың ата-аналарымен түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Сонымен бірге, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3 бабы 7-тармағына сәйкес ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша ҚР Конституциясы мен Заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ.

Аталған заңға сәйкес ҚР білім беру және тәрбиелеу жүйесі (рухани діни білім беру ұйымдарын қоспағанда) дін мен діни бірлестіктерден бөлінге және зайырлы сипатта болады. Бұл зайырлы мектептерде кез келген діннің тікелей немесе жанама насихаттауға жол берілмейтіндігін білдіреді.

ҚР «Білім туралы» Заңымен, ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер білім беру ұйымдарының жарғысында бекітілген ережелерді орындауға міндеттілігі айқындалған.

Білім және ғылым министрлігі осы ережелерді нақты айқындау мақсатында оларды бір құжатқа біріктіріп, жүйелендіреді. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптары» осылай әзірленеді деді.

Келесі мәселелер тыңдалды:

Шешім:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес мектеп формасы қадағалансын.
2. Ата-аналар назарына мектеп қабырғасында хиджаб киюге тиым салынатындығы жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізуге.

Мектеп директоры:

Хатшы:

Ө.А.Рахымбаева

Ж.Ж.Жайырбек